



ATYRAU
UNIVERSITY

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№2 (146)
Сәуір, 2025 жыл



Құрметті әріптестер! Профессор-оқытушылар құрамы!

Жаһан алдында өзіңді мойындатудың жалғыз жолы – білім мен ғылымды игеру. Бұл тұрғыда университеттер өңірлердегі ғылыми интеллектуалдық әлеуетті құрайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Қуатты өңірлер – қуатты экономика» екені сөзсіз. Ал қуатты өңір болудың бір факторы – ол қуатты өңірлік ғылым деп білеміз.

Биыл негізі қаланғанына 85 жыл толып отырған Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің стратегиялық дамуының басым бағытының бірі – ғылымды қолдау және оны дамыту.

Біз Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім саласындағы көшбасшылық ұстанымын басшылыққа ала отырып, елдегі жетекші классикалық көпсалалы университеттердің бірі ретінде жоғары білім берумен қатар ғылыми зерттеулерді

ілгерілету жұмыстарына мейлінше күш жұмсап келеміз. Әлбетте, оған оқу орнының профессор-оқытушылары мен университет базасындағы Ғылыми-зерттеу институттарының қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Осы орайда өңірлердегі және Атырау университетіндегі, ғылыми ортадағы барша әріптестерді келіп жеткен 12 сәуір – Ғылым қызметкерлерінің күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әрқайсыңыздың ғылым көгіндегі жұлдыздарыңыз биік әрі жарық болып, мемлекетіміздің тұғырын бекітудегі ерен еңбектеріңіз елене берсін! Мереке құтты болсын!

Саламат ИДРИСОВ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
басқарма төрағасы – ректоры



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде ваканттық бос білім гранттарының иегерлеріне грант сертификаттары табысталды. Ваканттық грант – GPA көрсеткіші жоғары, оқу орнында үздік деп танылған студенттерге көрсетілетін қолдау.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі бұйрығы негізінде ваканттық бос білім грантына ие болған бірқатар студенттерге куәліктерді университеттің басқарма төрағасы – ректоры Саламат Идрисов табыстады.

Гранттарды табыстау рәсімінде «Университеттің жастарға сапалы білім беріп, олардың болашағына жол ашудағы маңызы зор. Өздеріңіздің табандылықтарыңыз бен оқудағы үздік көрсеткіштеріңіздің арқасында мемлекеттік грантқа ие болдыңыздар. Ары қарайда білім жолында үлкен табыстар мен жетістіктер тілеймін!», - деді ректор Саламат Идрисов.



Мақалада Қазақстанның құрылыс өнеркәсібі, жол құрылысы, қызмет көрсету нысандарының жұмысы,

Самал АЛЬДЕШОВА,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің
«Есеп және аудит» ББ
1-курс докторанты,
Астана қаласы

ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Бүкіл өмірі еңбекпен ерліктен тұратын, өресі биік адамдар болады. Оларды өзгеден айрықша ететін де – тынымсыз төкке теріне, кір жуып, кіндік кескен жеріне адалдығы. Сондайлық тұғырлы тұлғаның бірі хәм бірегейі – Атырау облысының Құрметті азаматы, «Парасат» орденінің иегері, Мәдина Ғабдісәлімқызы 90 жасты бағындырды. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде мемлекет және қоғам қайраткерінің мерейтойына арналған «Еңбекпен өрілген өмір» атты өңірлік конференция өтті.

Мәдина Ғабдісәлімқызының ғылым, білім және қоғамдық саладағы елеулі еңбегін жан-жақты талқылап, оның жас ұрпаққа үлгі боларлық өмір жолы мен еңбекқорлығын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған конференцияға Атырау облысының ардагерлері, кәсіподақтардың мүшелері, ЖОО-ның басшылығы, профессор-оқытушылары мен білім алушылар қатысты.

Конференция ашылуында Мәдина Ғабдісәлімқызының өмірі мен еңбегі туралы деректі фильм көрсетіліп, оның мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі өнегелі өмірі баяндалды. «Атырау облысы көлемінде ұйымдастырылып жатқан Мәдина Ғабдісәлімқызының 90 жас мерейтойына арналған кезекті шара бүгін Атырау университетінде ұйымдастырылып жатыр. Бүкіл саналы ғұмырын еліміздің, Атырау өңірінің дамуына арнап, еңбекке ерте араласып, бүгінде мерейлі 90 жасқа шығып отырған

апайымызды шын жүректен құттықтаймыз! Сіздің өнегелі өміріңіз бен еңбек жолыңыз көпшілікке, соның ішінде жастарға үлгі, – деді ректор Саламат Идрисов алғы сөзінде.

Шараның алғашқы бөлімінде Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Өтешов, «АМАНАТ» партиясы Атырау облыстық филиалының төрағасы Абдолла Идресов, Атырау облысының Құрметті азаматы, ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, профессор Бақтыбек Таубаев, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ардагерлер кеңесінің төрағасы, п.ғ.к



Шахман Нагимов, Атырау облысының Құрметті азаматы, университеттің алғашқы түлектерінің бірі, мемлекет және қоғам қайраткері Қатимолла Ризуанов, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» ҚБ төрағасы Қылышбай Сүндетұлы және аудандардан арнайы келген қонақтар құттықтау сөз сөйлеп, мерейтой иесінің өңір дамуына қосқан үлесін жоғары



бағалап, мерейлі жасымен құттықтады.

Салтанатты жиын барысында елімізге белгілі ғалым, ақын, профессор Қадыр Жүсіп Өтегенұлы Мәдина Ғабдісәлімқызына арнап шығарған жыр шумақтарын оқып, саяси кеппеген жаңа кітабын тарту етті.

Конференцияның пленарлық мәжілісінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамиға Таңатарова «Мәдина Ғабдісәлімқызының

ғылыми ізденістері және қоғамдық қызметі», Саламат Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлбаршын Мусина «Ұрпаққа үлгі – өмір жолы», Атырау қаласының Құрметті азаматы, Атырау облысы әкімінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі Тамара Аман-Турлина «Сәнді, әдемі қартаюдың феномені» тақырыптарында баяндама жасап, мерейтой иесінің өмір жолына тоқталып, оның жастар тәрбиесіндегі маңызын атап өтті.

«Елдік мүдде жолында дараландыратын басты нәрсе адамдық пен адал еңбек. Осы адал еңбектің арқасында Атырау өңірінің ардақтысына айналған тұлғалардың бірі – Мәдина Ғабдісәлімқызы. Өмірлік жиған-терген білімі мен біліктілігін елдің

мүддесіне жұмсап келе жатқан, республикаға танымал, қоғам, мемлекет қайраткері, тағылымды ана, ізденімпаз ғалым, сүйікті жар. Ұлы Отан соғысының бар ауыртпашылығын көріп, есейген ұрпақтың өкілі. Мәдина апай – облыстағы қыздар қозғалысының көшбасшысы, рухани шамшырағы. Мәдина апайдың өмір жолы мен тәжірибесі, ғылыми жұмыстары зерттеліп, дипломдық және магистрлік диссертацияларға тақырып болса, мерейтой иесінің өмір жолына тоқталып, оның жастар тәрбиесіндегі маңызын атап өтті.

Бұл мерейтой – Атырау өңірінің дамуына өз үлесін қосқан ардақты тұлғаның еңбегін лайықты дәріптеу болды.

ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

«Атырау облысының құрғақ жағдайында жемшөп өндірісінің мәселелері мен келешегі». Осындай атаумен білім-ғылымның қара шаңырағы – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде қазақстандық ғылымның дамуына үлес қосып жүрген ғалым, ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы Болат Мұхамбетовтың 80-жасқа толу мерейтойына арналған атты дөңгелек үстел өтті.

Қазақстанның мал азықтық алқаптарында тұрақты басқару мен жемшөп өндірісін жетілдіру мәселелерін талқылау мақсатында ұйымдастырылған ғылыми жиынға ғалымдар, ауыл шаруашылығы саласының жетекші мамандары, кәсіпкерлер мен мемлекеттік ұйым өкілдері қатысты.

Болат Мұхамбетов – ауыл шаруашылығы саласында 250-ден астам ғылыми мақала жариялап, түйежоңышқаның екі жаңа сортына патент алған ғалым. Оның еңбектері республика көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейде де жоғары бағалануда.

Жиынның алғысөзінде университет ректоры Саламат Идрисов «Сіз – еңбекке ерте араласып, бейнетті істерді табандылықпен атқарып, ғылым жолына мол тәжірибемен келген зерделі ғалымсыз. Қазақстанның батыс аймағында мал шаруашығы саласын дамытуға зор үлес қосып, нәтижелі зерттеулер жасап, аталған саланы экономикалық тұрғыда алға ілгерлетуге сүйелі еңбек сіңірдіңіз. Жазған еңбектеріңіз отандық ғылымды дамытуға үлкен үлесін қосып келдіңіз. Осы орайда, сізді мерейтойыңызбен құттықтай отырып, отбасыңызға амандық, деніңізге саулық тілеймін», – деді.



Дөңгелек үстел барысында педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асхат Иманғалиев, академик, биология ғылымдарының докторы Ғалиолла Мейірманов, «Атыраугидрогеология» ЖШС ғылыми жетекшісі Едіге Сабуров, «Өнеркәсіптік микробиология» компаниясының директоры, биология ғылымдарының кандидаты Ерік Шорабаев, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің докторанты Есім Кенесов, Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің та-

рих, археология және этнология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері Аққали Ахмет, Атырау университетінің Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы Арман Жұмағазиев сынды ғалымдар өзекті тақырыптарда баяндамалар жасап, Болат Мұхамбетовты мерейлі жасымен құттықтады.

Болат Мұхамбетов өнегелі өмірі мен ғылымдағы жолы туралы «Ауыл шаруашылығы ғылымына еңбек сіңірген ұлы тұлғалардың жалғасы деп бүгінгі мерейтой иесін айта аламын. Болат Мұхамбетов ғылымға берілген тұлға. Кейінгі кезде Атырау өңірінің жер жағдайын зерттеп, ауыл шаруашылығын дамытамын деп еңбек етіп жүр. Түйежоңышқаның бірнеше сорттарын шығарып, ресми түрде тіркеп, жем-шөп өндірісінде үлкен жетістікке жетті. Соңғы уақытта изенді өсіру тәсіліне патент алып, ғылыми ізденістің үстінде жүрген ғалым», – деп өй бөлісті академик, биология ғылымдарының докторы Ғалиолла Мейірманов.

Әрмен қарай мерейтой иесі Болат Мұхамбетовке ғылымға сіңірген еңбегі мен жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып жүрген ұстаздық қызметі үшін Х.Досмұхамедов атындағы медаль және «Ардагерлер кеңесі тәлімгері» медалі табыс етілді.

Іс-шараның қорытынды бөлімінде Болат Мұхамбетов өзінің ғылыми ізденістері мен жетістіктері туралы айтып, келелі ой бөлісті. Ол Қазақстандағы мал азықтық өндірісті жетілдіру үшін ғылым мен тәжірибенің үйлесуі маңызды екенін атап өтті.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Соңғы жылдары көптеген елдер, соның ішінде Қазақстан Республикасы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (ҒЗТКЖ) сапасын арттыруға айтарлықтай күш жұмсай отырып, өздерінің ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын жақсарту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Дегенмен, қол жеткізілген ілгерілеушілікке қарамастан, деректер бұл саладағы жаһандық және жергілікті көрсеткіштердің бірқатар қиындықтарға тап болатынын және маңызды назар мен қолдауды қажет ететінін көрсетеді. Бұл мақалада біз Қазақстан ғылымының қазіргі жағдайын және оның алдағы жылдардағы даму перспективаларының кейбір өзекті проблемаларын қарастырамыз.



2023–2024 жылдардағы Қазақстандағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар

Қазақстанда 2023 жылы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер саласындағы қызметтердің көлемі рекордтық 200 млрд теңгеге жетті, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 50%-ға артық. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған шығындар да соңғы бірнеше жыл ішінде 172,6 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 42%-ға көп жаңа рекорд орнатты. Дегенмен, оң үрдістерге қарамастан, бұл көрсеткіштер әлі де жеткіліксіз. Global Innovation Index рейтингінде Қазақстан небәрі 25,7 ұпай жинап, 133 елдің ішінде 78-орынға тұрақтады. Орталық және Оңтүстік Азияда Қазақстан Үндістан (38,3 ұпаймен 39-орын) және Ираннан (28,9 ұпаймен 64-орын) кейін үшінші орында тұр.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық қызметтердің ең үлкен көлемі биотехнология саласындағы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік әзірлемелерге, сондай-ақ геологиядағы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалды: тиісінше 4,4 млрд және 4,3 млрд теңге. Өңірлер бойынша ҒЗТКЖ қызметтерінің жалпы көлемінің үштен бірінен астамы келесідей бөлінді: Алматы: 15,7 млрд теңге; Астана: 7,3 млрд теңге; Маңғыстау облысы: 4,4 млрд.теңге.

Қазақстан ғылымының жетістіктері мен болашағы

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің (ҚР МЖМ) мәліметінше, елімізде 25,5 мың ғылыми қызметкер жұмыс істейтін 425 ұйым ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізеді.

2024 жылдың бірінші жарты жылдығында ғылыми саланы дамытуға және технологиялық саясатты жүзеге асыруға бағытталған «Ғылыми-техникалық саясат туралы» заң қабылданды. Заң елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ғылым жетістіктерінің нәтижелерін енгізуге жәрдемдесуге, сондай-ақ ғылыми қызметтің стратегиялық, кәсіби және әлеуметтік міндеттерін шешуге арналған.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ғылыми ұйымдар қызметкерлерінің жалақысы 18%-ға өсті. Бүгінде ғылыми қызметкерлерге ғылыми атақ алғаны үшін төленетін қосымша ақы мөлшері ұлғайтылды: ғылым кандидаты, философия докторы және ғылым докторы академиялық дәрежесі бар доцентке (доцент) 25 еселенген АЕК (айлық есептік көрсеткіш) (бұрын – 17 АЕК); докторлық дәрежесі бар доцентке (доцент) 42 еселенген АЕК (бұрын – 34 АЕК); ғылым кандидаты, философия докторы, бейіні бойынша доктор және ғылым докторы академиялық дәрежесі бар профессорға 50 еселенген АЕК (бұрын – 17 АЕК).

Министрлік Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының (ҚР ҰҒА) институционалдық рөлін күшейтуді және Академияны бюджеттік қаржыландыру мәселелерін шешуді атап өтеді.

Қазақстанда ғылыми даму саласында стратегиялық маңызды шешімдер қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ғылым және техника жөніндегі Ұлттық кеңес құрылды. Сонымен қатар, 250 ғылыми ұйым Web of Science, Scopus және Science Direct халықаралық деректер қорына рұқсат алды.

2024 жылы 1971 ғылыми жоба, 162 ғылыми-техникалық бағдарлама және 137 коммерцияландыру жобасы жүзеге асырылады. Жас ғалымдар 727 ғылыми жобамен айналысуда. Ғылыми зерттеулер саласында қолданбалы жобаларды әзірлеуге баса назар аударылады экономика мен әлеуметтік саланың инновациялық дамуын қолдау. Негізгі ғылыми-технологиялық бағыттар бойынша білім мен тәжірибе алмасуға ықпал ететін жетекші халықаралық ғылыми орталықтармен және университеттермен белсенді ынтымақтастық жалғасуда.

Халықаралық серіктестік және Қазақстандағы жоғары білімді цифрландыру

Қазақстанда жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына жоғары білім сапасы мен ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруға бағытталған түзетулер енгізілді.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын және осы Тұжырымдаманы іске асыру аясында шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жұмыстары белсенді жүргізілуде. Бұл отандық жоғары білім беру жүйесін дамытуға, білім мен озық халықаралық тәжірибені беру арқылы оның сапасын арттыруға, сондай-ақ шетелдік студенттердің үлесін арттыруға ықпал етеді. Бүгінгі таңда 19 стратегиялық серіктестік әзірленді, оның ішінде 15 шетелдік университеттің филиалдары ашылды.

Басты назар халықаралық кампустары бар университеттерге және олардың қазақстандық оқу орындарымен серіктестігіне аударылады.

Қазақстанның 21 университеті QS World University Rankings рейтингінде әлемнің үздік университеттерінің халықаралық рейтингіне және Times Higher Education рейтингінде 29 университетке енді. Бұл рейтингте төрт қазақстандық университет орын алды, оның ішінде Назарбаев Университеті алғаш рет ұсынылған.

Ынтымақтастықты дамыту және инновациялық білім беру технологияларын енгізу үшін Coursera, Huawei Technologies Kazakhstan LLP және Binance Kazakhstan сияқты ірі компаниялармен меморандумдарға қол қойылды. 35 университетте сертификатталған курстар ұсынатын Huawei АКТ Академиялары құрылды. Binance Kazakhstan қолдауымен АКТ бөлімдері бар 22 университеттің 350-ге жуық оқытушысы блокчейн технологиялары бойынша оқытылды.

OpenSearch жобасына IT саласындағы студенттерді тарту және салалық деңгейде тәжірибе алу үшін Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Amazon арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. 2024 жылы 15 қазақстандық университет жасанды интеллект бойынша Google

курстарын енгізеді, оған генеративті AI курсы аясында 12 мың студент қатысады. Google for Education пилоттық жобасына Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті қатысуда. NVIDIA DLI жобасына 12 білім беру мекемесі кіреді және 12 сертификатталған елші NVIDIA сертификаттарын алады.

Қазақстандағы ғылымды қаржыландыру мен жас ғалымдарды қолдау

ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев қаржыландыру тапшылығы, мамандар тапшылығы және медицинаның қолжетімділік деңгейі сияқты түйінді түйткілді мәселелерді атап өтті. Профилактикада технологияларды қолданудың шешімін табу, диагностика мен емдеуді жетілдіру қажеттігін айтты. Отандық дәрі-дәрмек өндірісін және цифрлық медицинаны дамыту маңызды бағыт болуы тиіс.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, 2023–2025 жылдарға арналған ғылым бюджеті алдыңғы үш жылмен салыстырғанда 3,3 есеге өсті. 2024–2026 жылдарға ғылыми жобалар мен әзірлемелерге 730 миллиард теңге бөлу жоспарлануда.

Ғылыми қызметтің осы бөлігіне үш жыл ішінде бюджеттен барлығы 489,2 млрд теңге бөлінеді. Биылғы жылы шығын көлемі 145,3 млрд теңгені құрайды. Оның жартысына жуығы – 65 миллиард теңгесі бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға бағытталады. Ғылыми гранттарға 56,2 млрд теңге (38,7%), коммерцияландыруды гранттық қаржыландыруға 24,1 млрд теңге (16,6%) бөлінген.

Бір қызығы, ғылыми салаға бөлінген барлық қаражаттың 50 пайыздан астамы ғалымдардың, лаборанттардың, инженерлер мен конструкторлардың еңбекақысын төлеуге жұмсалады. 2023 жылы жалпы көлемі 172,6 млрд. теңгенің 50,5%-ы (87,2 млрд.теңге) еңбекақы бойынша шығыстар болды. Ғылыми зерттеулерге арналған құрал-жабдықтарды сатып алуға жалпы бюджеттің 5,7 пайызы ғана бөлінді.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі «Жас ғалым» ұлттық жобасы аясында жас мамандарды қолдауға бағытталған 2023–2025 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруға конкурс жариялады. Бұл жобаны жүзеге асыруға 86 миллиард теңге бөлінген.

«Цифрландыру, ғылым және инновация арқылы технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы мен Қазақстандағы ғылымды дамыту тұжырымдамасы аясында ғалымдардың санын 50 пайызға арттыру міндеті тұр. Жас зерттеушілерді қолдау, дарынды жастарды ғылыми салаға тарту басты назарда болмақ. Атап айтқанда, «Жас ғалым» жобасы аясында постдокторанттарға 1000 грант бөлу конкурсын өткізу жоспарлануда.

Постдокторант үш жыл бойы ай сайын шамамен 500 мың теңге жалақы алып, таңдалған ғылыми ұйымда немесе университетте ғылыми зерттеулер жүргізе алады. Бұл грант докторлық бағдарламаны аяқтаған, бірақ диссертациясын әлі қорғамаған зерттеушілерге бір жыл ішінде бітіруге мүмкіндік береді.

Бұл шаралардың барлығы қазақстандық ғылымды жан-жақты дамытуға, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық прогресіне ықпал етуге бағытталған. 2025 жылға қарай жас ғалымдардың үлесі 50%-ға артады деп күтілуде.

Жаһандық инновациялар индексінің рейтингі тиімді инновациялық экожүйелерді құру айтарлықтай уақыт пен күш-жігерді қажет ететінін көрсете отырып, жоғары орындардағы тұрақтылықты көрсетеді. Дамуының берік іргетасын қалап үлгерген елдер қазір ғылым мен техникаға салған инвестициясының жемісін көруде.

Қазақстанның бұл рейтингтегі позициясын біртіндеп жақсарту перспективалары бар, бірақ табысқа жету үшін тек уақыт пен қаржылық инвестиция ғана емес, сонымен қатар барлық деңгейде белсенді жұмыс қажет. Бұл процестің негізгі факторлары заңнамадағы тиісті реформаларды әзірлеу және енгізу, зерттеушілерді қолдау және ғылыми мекемелерді дамыту болып табылады, бұл инновациялар үшін қолайлы жағдай жасайды. Үкімет әзірлеп, жүзеге асырып жатқан барлық шаралар қазақстандық ғылымның әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп, оның тұрақты дамуын қамтамасыз ете алады.

Сайпулла САПАНОВ,
тарих ғылымдарының докторы,
«Х. Б.Табылдиев атындағы
Каспий өңірінің тарихы, археологиясы
және этнологиясы» ҒЗИ директоры

ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ – ЕЛДІҢ ЕРТЕҢГІ ТАБЫСЫНЫҢ КЕПІЛІ

Нарық заманында экономиканың ілгерілеуі мен әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы ғылыми ізденістер мен зерттеулердің белсенді жүргізілуіне тәуелді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Отандық ғылымды дамыту мәселесі – үнемі менің жеке назарымда. Бұл саланың еліміз үшін айрықша мәні бар. Себебі ғылымның дамуы – елдің ертеңгі табысының кепілі» деп ғылымға ерекше назар аударылуы керегін атап өткен болатын. Бүгінде еліміздің ғылыми қызметкерлеріне мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, ғылымды дамытуға бөлінетін қаражат көлемі жыл сайын артып келеді. Осы ретте 12 сәуір – ғылым қызметкерлерінің күні қарсаңында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті жанындағы ғылым департаментінің директоры Айгүл БАКИРБЕКОВАМЕН аз-кем сұхбат құрған едік.

– Айгүл Мақұлбекқызы, ең алдымен оқу орнындағы ғылыми қызметтің басым бағыттарына тоқталып өтсеңіз.

– Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғылыми-зерттеу қызметі ел Президенті белгілеген басым бағыттарды ескере отырып, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясына, «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Білім туралы» ҚР Заңдарына, университеттің стратегиялық даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Білім ордасындағы ғылыми қызметтің басым бағыттарына – «Экология, қоршаған орта және табиғатты ұтымды пайдалану», «Энергия, озық материалдар және көлік», «Озық өндіріс, цифрлық және ғарыштық технологиялар», «Елдің зияткерлік әлеуеті», «Өмір және денсаулық туралы ғылым», «Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту», «Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс, биологиялық қауіпсіздік» жатады.

– Ал ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру мәселесі қаншалықты толға қойылған?

– Университетте соңғы бес жылда ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру екі есеге ұлғайды. Нақтырақ айтсақ, 2020 жылы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруы аясында 6 жобаны орындаса, өткен жылы 12 ғылыми жоба іске асырылды. 2022 жылы алғаш рет «Жас Ғалым» жас ғалымдарды қолдау жобасы аясында Қазақстан Республикасы ҒҖЖБМ 2022–2024 жылдарға арналған постдокторанттардың іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерін гранттық қаржыландыруға конкурсын жариялаған болатын. «Жас ғалым» зерттеулерін гранттық қаржыландыру байқауының мақсаты – жоғары білікті және бәсекеге қабілетті зерттеушілерді қалыптастыру, талантты жастарды ғылымға тарту және жас ғалымдардың зерттеулердегі үлесін арттыру. Аталған конкурста 2022 жылы университетімізден 3 ғылыми жоба гранттық қаржыландыруға ие болды.

Дәл осы «Жас ғалым» жобасы бойынша гранттық қаржыландыруға ие болған ғалымдар келесідей:

- PhD Аширханова К.М. – «Қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдердің түркілік негізі»;
 - Магистр, аға оқытушы Бекова Г.Т. – «Солитондар теориясы негізінде ферромагнетиктердегі толқындық процестерді моделдеу»;
 - Магистр Каракенова С.Г. – «Екінші ретті интегралдық-дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептерді шешу әдістері»;
 - PhD Жусупбеков К. – «Платина негізіндегі өтпелі металдардың дихалкогенидтерінің атомдық және электрондық қасиеттеріне ақаулардың әсері» (2023–2025жж.);
 - PhD Тайшиева А.Г. – «Өзара келісімді потенциалы бар интегралданатын модельдерді зерттеу»;
 - PhD Мухамбетова М.Ж. – «Бұлттық есептеулер және IoT технологиясының интеграциясы негізінде мұғалімдердің даярлықтарын жетілдіруге арналған цифрлық портал әзірлеу».
- Сонымен қатар биыл 2025–2027

жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша Магистр А.К.Дауткулова жетекшілігімен «Батыс Қазақстан ономастикалық кеңістігіндегі гидронимдердің лингвокогнитивті сипаты» және PhD М.Е. Рахметов жетекшілігімен «Жасанды интеллект принциптеріне негізделген қашықтықтан оқыту платформасын



құру әдістемесін әзірлеу» жобалары гранттық қаржыландыруға ие болды. Жас ғалымдарға арналған гранттық қаржыландыруға қол жеткізіп, нәтиже көрсеткендердің қатарында PhD Е.К.Айбульдиновтің «Табиғи шикізат пен өндіріс қалдықтарының әрекеттесуі нәтижесінде алынған инновациялық композиттердің құрылымын химиялық зерттеу» және PhD К.М.Тусуповтың «Қазақстанның ауылдық аудандарында қауіпсіз ауыз суға және санитарияға тұрақты қол жеткізу жолында: ТДМ-ға қол жеткізудегі проблемалар б.1. және б.2.» еңбектері де бар.

– 2023–2025 жылдарға және 2024–2026 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру қалай жүзеге асырылып жатыр?

– Аталмыш бағыт бойынша грант жеңіп алған ғылыми жұмыстар ретінде п.ғ.к. Б.Т.Абыканованың «Discord цифрлық платформасы базасында ауылдық шағын жинақты мектеп мұғалімдерін қашықтан кәсіби оқытудың интерактивті (интербелсенді) бағдарламасын әзірлеу», п.ғ.к. Г.К.Жусупкалиеваның «Болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығында STEM технологиялары негізінде физикалық есептерді шешуді үйрету процесін оңтайландыру», PhD Б.Т.Асанованың «Мұнай коксын өндіру процесін басқару үшін интеллектуалдандырылған шешім қабылдау жүйесін әзірлеу», PhD К.М.Тусупованың «Қазақстанда қауіпсіз су, санитария, су жүргізу жүйелері үшін жасанды интеллект пен машиналық оқытуды пайдалана отырып тұрақты даму мақсатына қол жеткізу» сияқты жобаларын айта аламыз.

Қазіргі таңда құзырлы министрлік жариялаған 2025–2027 жылдарға

арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурс бойынша 8 жоба ресми тексеруден өтуде және 2025–2027 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы бойынша бір жоба Ұлттық ғылыми кеңеске жіберілді. Сонымен бірге, 2025–2027 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсына екі жоба жіберілді.

Ғалымдардың ғылыми-зерттеу қызметін қолдау мақсатында бес жыл көлемінде ғылыми жобаларды университетішілік гранттық қаржыландыру бойынша конкурс

– Ғылымға деген сұранысты, қызығушылықты арттыру үшін жастарды қолдау ісі айрықша маңызға ие. Бұл бағытта университет тарапынан нендей шаралар атқарылды?

– Мемлекет басшысы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңесте «Ғылымды дамыту – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар басымдық. Әсіресе дарынды, қабілетті жастардың ғылыммен айналысуына жағдай жасау өте маңызды», – деп атап өткені белгілі.

Жастарды ғылымға тарту мақсатында ҒҖЖБМ мен «Отбасы банкі» АҚ арасында жас ғалымдарға 2023–2027 жылдарға арналған жеңілдетілген несие беру бағдарламасы бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. «Отбасы банкі» АҚ келісім шеңберінде 2023 жылғы 1 желтоқсанда жас ғалымдарға арналған ипотекалық несие беру бағдарламасын іске қосты.

Университетімізде аталған бағдарлама бойынша Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, «500 ғалым» жобасы бойынша шетелден тағылымдамадан өткен магистр Нұрбақыт Дайрабаева, Физика және техникалық пәндер кафедрасының магистрі, аға оқытушы Жадыра Салықбаева, Биология және ауылшаруашылық пәндері кафедрасының аға оқытушысы Мөлдір Махамбет, Қаржы және есеп кафедрасының аға оқытушысы, PhD Альфия Ахметова баспаналы болды. Бұл жас ғалымдарды ғылымды дамытуға қосымша ынталандыратыны сөзсіз.

– Халықаралық деңгейдегі қандай ғылыми жұмыстарыңыз бар?

– Оқытушылардың және ғалымдардың халықаралық ғылыми жобаларын қолдау университеттің жалпы дамуында маңызды рөл атқарады. 2024 жылы университетте 2 халықаралық жоба орындалды. Оның біріншісі – ERASMUS+ бағдарламасы шеңберіндегі «Орталық Азия/TRIGGER түлектерін жұмысқа орналастыру мүмкіндігін жақсарту үшін жағдай жасау негізінде инновациялық тәсілдерді, кәсіпкерлік дағдылар мен нұсқауларды бастамашылық ету және енгізу» халықаралық жобасы. Осы жоба аясында 2021–2024 жылдары Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан және ЕО (Словакия, Франция, Грекия, Австрия) университеттерімен бірлесіп, жұмысқа орналастыру көрсеткіштерін жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілді.

Екінші халықаралық жоба – Simon Fraser University канадалық университеті профессор Роберт Уиллиамсонның жетекшілігімен «Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру тәжірибесін бағдарлайтын халықаралық салыстырмалы зерттеу» деп аталады. Бұл жобада Атырау университеті коллаборатор рөлін атқарды. Серіктес ретінде Иорданиядағы жоғары оқу орындары мен Қазақстан тарапынан Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессор-оқытушылары қатысты. Жоба 2021–2024 жылдары ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беру мәселесіне жәрдемін тигізді.

Алдағы уақытта халықаралық ынтымақтастық үшін ғылыми жобалар мен бағдарламаларды іздеу және іріктеу және оларды біздің ЖОО-да іске асыру жалғасады.

ҚР ҒҖЖБМ арқылы қолданбалы және іргелі ғылыми зерттеулерді орындауға бағытталған университеттегі ғылыми-зерттеу жұмысын қаржыландыру көлемі жыл сайын ұлғаюда. Университет келешекте де ғалымдардың гранттық қаржыландыру шеңберінде ғылыми зерттеулер конкурстарына және салалардың стратегиялық міндеттерін шешу бойынша жыл сайынғы конкурстарға қатысуы үшін қолдау көрсететіні болады.

Өмірбек САЛАУАТҰЛЫ

ЖАС ҒАЛЫМ: БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ

Қазіргі таңда университетіміздің жас ғалымдары ғылымның жаңа бағыттарын қалыптастырып, әлемнің өзгермелі талаптарына сай ғылымның дамуына елеулі үлестерін қосуда.

Ғылымжәне технологияларжөніндегі ұлттық кеңесте мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Ғылымды дамыту – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар басымдық. Әсіресе дарынды, қабілетті жастардың ғылыммен айналысуына жағдай жасау өте маңызы» деп атап айтқан болатын. Олай болса, ғылымды дамыту – Қазақстан үшін басты басымдықтардың бірі. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ғылыми зерттеулерді қаржыландыру ұлғайтылуда, ғылыми ұйымдар жаңғыртылуда, сонымен бірге шетелде тағылымдамалар саны артып, жастар үшін ғылымды тартымды әрі халықаралық ынтымақтастықты дамытуға және зерттеу инфрақұрылымын нығайтуға ықпал етеді.

Бұл тұрғыда жас ғалым дегеніміз – ғылыми зерттеулермен айналысатын, ғылым саласында жаңашыл идеялар мен тәжірибелер ұсынатын, әрі жасына қарамастан жоғары деңгейде ғылыми жетістіктерге қол жеткізген адам. Ғылыми әлемде жастардың рөлі ерекше. Олар жаңалықтарға ашық, жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерге бейім болып, ғылымды алға жылжытатын негізгі күшке айналууда. Жас ғалымдардың басты ерекшелігі – олардың ғылыми жұмыстарын жаңа әрі тиімді тәсілдермен жүргізу қабілеті. Олардың зерттеулері көбінесе қоғам мен экономиканың дамуына бағытталған. Олар бүгінгі таңда көптеген салаларда, оның ішінде медицина, биотехнология, физика, информатика, экология, инженерия сияқты әртүрлі салаларда маңызды жаңалықтар ашуда.

Осыған байланысты 85 жыл тарихы бар университетіміздің көркеюіне, қарқынды дамуына жас ғалымдардың рөлін ерекше атап өуімізге болады. Қазіргі таңда университетімізде 200-ге жуық жас ғалым бар. Соның ішінде философия докторлары (PhD) – 36, магистрлер – 207.

Сонымен бірге, университетіміздің жас ғалымдар кеңесі өз жұмысын жалғастыруда. Жас ғалымдар кеңесі екі айда бір рет өткізіліп, ұсыныстар беріледі.



Жас ғалымдар кеңесінің отырысы

ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ
Жас ғалымдардың жетістіктері ғылым мен білімнің дамуына тікелей ықпал етеді. Әсіресе, жас ғалымдар инновациялық жобалар мен стартаптарды жүзеге асыруда үлкен жетістіктерге жетуде.

Университетіміздің жас ғалымдары халықаралық, республикалық, аймақтық конференцияларға баяндамашы ретінде қатысып, тәжірибелерімен бөлісуде. Шетелдік журналдардағы жарияланымдарға (Scopus/Web of Science, РГДИ, БФССКК (KOKUSON) мақалаларын шығаруда.

Сондай-ақ, жыл сайын республикалық СҒЗЖ және МҒЗЖ қатынасып, студенттер мен магистранттарды конкурстарға,

олимпиадаларға дайындап, жүлделі орын алуларына өз үлестерін қосуда. Атап айтсақ, 2022 жылы Экология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, философия докторы (PhD) С.С. Шамшеденованың дайындаған «Экология және қоршаған ортаны қорғау» мамандығының студенттері халықаралық студенттер арасындағы олимпиададан жүлделі ІІІ орын алған болатын.

2023 оқу жылында республикалық студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатынасқан Психология және педагогика кафедрасының меңгерушісі, философия докторы (PhD) Қ.О. Қазиев дайындаған студенттер мен магистранттары жүлделі І, ІІ және ІІІ орындарды иеленген болатын.

2023 жылы Психология және педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, философия докторы (PhD) Г.О. Мугауина Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті ұйымдастырған 7М01 – «Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша магистранттардың Республикалық VIII олимпиадасына магистранттарды дайындап, «Үздік зерттеу жобасы» номинациясына ие болды.

Ал 2024 жылы Биология және балық шаруашылығы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, философия докторы (PhD) А.К. Нұрғалиева республикалық студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары және магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындап, шәкірттері жүлделі ІІ және ІІІ орын иеленді.

2024 жылдың сәуір айында Алматы қаласында қазақтың белгілі тілші ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейілбек Мұхамеджарұлы Исаевтың құрметіне өткізілген республикалық «Исаев оқулары» байқауына А.Қ.Дауткулованың дайындаған Қазақ тілі және әдебиеті мамандығының 3 курс студенті Саяжан Амангельдиева қатысып, мазмұнды баяндама жасап, 100 мақаланың ішінде жүлделі ІІІ орын және республика қарсаңында ұйымдастырылған «Елім дегендер» өзге этнос өкілдері арасында өткен

республикалық шығармашылық байқауына белсене қатынасып, «Көркемсіз өнері» номинациясы бойынша І орын иеленді.

2024 жылы М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ұйымдастырған Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің XV Республикалық пәндік студенттер олимпиадасының «6В01601-Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының аға оқытушысы, магистр А.Н. Зайновтың дайындаған «Сарайшық» командасы жүлделі І орынды иеленді.

2024 жылы Ақтөбе қаласында Қ. Жұбановтың 125 жылдығына арналған «Zhubanov CUP VI»

республикалық пікірсайыс турнирінде «Үздік талпыныс» номинациясымен және Атырау облысы дін істер басқармасынан ІІ дәрежелі дипломмен 6В06103 – Жүйелер мен желілерді әкімшіліктеу БББ студенті Исмуханов Дәурен иеленді. Ғылыми жетекшісі – қауымдастырылған профессор, философия докторы (PhD) С.Р. Шармұханбет.

2024–2025 оқу жылында 16–17 қазан 2024 жылы Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ұйымдастыруымен өткізілген 6В013 – «Пәндік мамандырылмаған мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша «Болашақ табысты ұстаз – ұлт кепілі» атты XV Республикалық пәндік Олимпиадасында Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің, Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының 6В01301-Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы ББ студенттер командасы ІІІ дәрежелі орын алды. Команда жетекшісі – магистр, аға оқытушы Испанова Эльмира Жұмабекқызы. Бұл – Эльмира Жұмабекқызының бірінші жетістігі емес. Жалпы пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша жылда өтетін республикалық олимпиадаға біздің мамандық студенттері белсенді түрде қатынасып, жүлделі орындармен марапатталып, жақсы нәтиже, жақсы көрсеткіштер көрсетіп жүр.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде жастар мен студенттерге арналған дәстүрлі «StartUp 2025» байқауының жеңімпазы Информатика кафедрасының философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор Қаламқас Бағытованың жетекшілігімен «6В01503 – Білім беру жүйесіндегі информатика және ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» білім беру бағдарламасының 4 курс (4 ж.) студенті Ришат Рашитовтың «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің LibAU АКАЖ – ін жаңғырту және кеңейту» тақырыбындағы жобасы үздік танылды.

Сонымен бірге, жас ғалымдарымыздың бірі – Химия және химиялық технологиялар кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор, философия докторы (PhD) Ж.К. Қадашева университет бойынша екі бірдей патент иегері болып танылғаны – қуантарлық жайт.

ҚОЛДАУЛАР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Мемлекет ғалымдарға, оның ішінде жас ғалымдарға жан-жақты қолдау көрсетеді. Президенттің тапсырмасы бойынша олардың әлеуметтік мәртебесін арттыру және ғылымға жас кадрлардың келуін ынталандыру мақсатында 2024 жылы 315 жас ғалым пәтер алды. Оның 290-ы «Отбасы банкімен» бірлесіп іске асырылатын арнайы ипотекалық бағдарлама аясында, ал 25-і өтеусіз негізде тұрғын үй алған болатын.

«Жас ғалым» бағдарламасы аясында біздің университетіміздің төрт жас ғалымы тұрғын үймен қамтамасыз етілген болатын. Бұл – олардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, жаңа жетістіктерге жетуге деген ынтасын күшейтетін маңызды қолдау бола білді. Сонымен қатар, мемлекет пен ғылыми қоғамдастықтың жас ғалымдарға қолдау көрсетуі өте маңызды болып табылады.

«ОТБАСЫ БАНК» АРҚЫЛЫ БАСПАНАЛЫ БОЛҒАН ЖАС ҒАЛЫМДАР

Сонымен қатар, қазіргі уақытта көптеген ғылыми гранттар мен бағдарламалар жас ғалымдардың зерттеулерін қаржыландыруға және олардың ғылыми жұмыстарына мүмкіндік беруге арналады. Елімізде ғылымды дамытуға және сатып алу рәсімдерін жеңілдетуге бағытталған заңдар қабылданды. Сонымен қатар,

ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым академиясының жоғары ғылыми ұйым түріндегі жаңа мәртебесі анықталды.

Олай болса, университетімізден республикалық «Жас ғалым» жобасы (постдокторантура) бойынша 8 жас ғалым иеленген болатын. Олардың қатарында философия докторлары (PhD) К.Жүсіпбеков, А.Тайшиева, М.Мұханбетова, Г.Бекова, Қ.Аширханова, С.Қарекенова, М.Рахметов, А.Дауткулова бар. Ал, ЖҒК жобасын 2 жас ғалымымыз Е.Айбульдинов және К. Тусупов жеңіп алған болатын.

Сондай-ақ, университетішілік жобасына «Жас ғалымдар» бойынша 9 жас ғалым қатынасып, жоба иегері болды. Бүгінгі таңда аталған жобалар бойынша жас ғалымдарымыз еңбек етуде.

Сонымен бірге, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында озық ғылыми технологияларды трансферттеу мақсатында жыл сайын 500 ғалымның әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етуді тапсырды. Ғалымдар үшін тағылымдама жетекші шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында, ғылыми орталықтар мен салалық ұйымдарда ғылыми, ғылыми-техникалық кадрлардың біліктілігін арттыруға бағытталған.

Ғылыми тағылымдамалар бағдарламасының мемлекеттік тапсырыс берушісі – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі.

Аталған бағдарлама бойынша университетіміздің жас ғалымдары Ғ.М.Әлжанов Ақдениз университеті (Анталия, Түркия), Гюэль санат-лары факультеті «Арт менеджмент» мамандығы қауымдастырылған профессор, философия докторы (PhD) Р.У.Мугауина Анталия қаласындағы Ақдениз университетінде «Экономика» мамандығы және қауымдастырылған профессор, философия докторы (PhD) Ш.Ж.Тапешова Белосток университеті, Белосток қ. Польша, «Биология, молекулалық биология, биохимия» мамандығы бойынша тағылымдамадан өтіп, көптеген тәжірибе жинақтай отырып, өз білімдерін, біліктерін және шеберліктерімен бөлісуде. Ал, магистр, аға оқытушы Н.К.Дайрабаева Литва елінің Вильнюсский университетінде тағылымдамадан өтуде.

Сондай-ақ, Информатика кафедрасының меңгерушісі, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор Қаламқас Бағытова – Шотландияның Эдинбург қаласындағы Heriot-Watt университетінде ғылыми тағылымдамадан өтеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жас ғалымдар – ғылымның болашағы, олар қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады. Олар ғылымды жаңа деңгейге көтеріп, жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу арқылы адамзаттың өмір сапасын жақсартуға үлес қосады. Жас ғалымдардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру үшін ғылым мен білім саласындағы қолдау шаралары мен ынталандырулар аса маңызды.

Күні бүгін университетіміздің жас ғалымдар кеңесінің мүшелері Атырау облысының Ассамблея Жастар клубының мүшелігінде бар екендігі де қуантарлық жағдай. Болашақта университет ғылымының қарқынды дамуына және көркеюіне жас ғалымдардың үлесі зор.

**Г.О. МУТАУИНА,
Психология және педагогика кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
философия докторы (PhD),
Жас ғалымдар кеңесінің
төрайымы**

ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫНЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Қазақ халқы бастан кешкен дәуірлер мен заманаларды салыстырмалы зердемен саралағанда, XIX ғасырдың алатын орны айырықша. Өйткені дәл осы ғасырда қазақ халқы өзін барлық салалы ұлт ретінде даралап, этникалық төлтумалылығын біржолата орнықтыра алды. Ал XX ғасырда сол ілгері қалыптасқан, орныққан этникалық төлтумалықты, ғасырда идеалды қорғау және ілгері дамыту проблемасы заманалық іс-әрекеттің мазмұнына айналды. Бұл проблеманы XX ғасырда бел алған әлемдік аралас-құралас, сырттан таңылған әлеуметтік-саяси және мәдени-рухани өктемдік одан әрі ушықтыра түсіп, ұлттың барша қасиет-болмысын шарпып жатты. Мұндай жойдасыз өктемдіктен қазақтың ғажайып бітімді музыкалық мәдениеті де шет қала алмады. Бұл салада да тарихи тұлғалардың табандылықпен тер төгуіне, экспансиялық дүлей күштермен беттесуіне, қорлық пен зорлықтың небір сорақы түрлерін бастан кешуіне тура келді.

Міне, осындай дәуірлік, заманалық үрдістердің ақжал толқындарымен арпалысу тағдыры маңдайына жазылған тарихи тұлғалардың бірі – Нұрғиса Атабайұлы. Оның өмірі мен өнері қазақ халқының мәдени-рухани шежіресінің ең жарқын беттерін құрайды.

Қазақтың әйгілі күйші-композиторы, дирижер, дәулескер домбырашы Нұрғиса Тілендиев 1925 жылдың 1-ші сәуірінде Алматы облысы, Іле ауданы, Шилікемер ауылында дүниеге келді. Талантты баланы тап басып таныған академик А.Жұбановтың көмегімен 12 жасар Нұрғиса қазақ халық аспаптары оркестріне (қазіргі Құрманғазы атындағы оркестр) орындаушы домбырашы ретінде кіреді. Дирижерлік шеберліктің, орындаушылық өнердің бастапқы сабақтарын Тілендиев – алғашқы ұстазы А.Жұбановтан алған болатын. Сонымен қатар, Нұрғиса үшін халық аспаптары оркестріндегі қызмет – Науша Бөкейханов, Қали Жантілеуов іспетті атақты халық домбырашыларының тұлғасындағы кәсіби өнерді зерттеу жөніндегі мектепке айналды. Сұрапыл соғыс Нұрғисаның 18-дегі жасына жағаласа басталып кетті, 1943 жылы дарынды жас өз еркімен майданға аттанып, фашистік жеңдеттермен аянбай соғысты, оған «Ұлы Отан соғысында Германияны алғаны үшін», «Берлинді алғаны үшін» медальдары сияқты жауынгерлік наградалары дәлел бола алады.

Соғыстан кейін Н. Тілендиев Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясының халық аспаптары факультетінде оқи жүріп, Қазақ КСР радиокомитетінің халық аспаптары оркестрін басқарады. Бұл ретте, әлбетте, кәсіби дирижерліктің қажеттілігі туады да, Нұрғиса 1949 жылы халық Мәскеу мемлекеттік консерваториясының дирижерлік факультетіне (профессор Н.П. Аносовтың класына) оқуын жалғастыруға аттанады.

Оқуы тамамдалғаннан кейін Нұрғиса Тілендиев 1952 жылдан бастап, 1960 жылға дейін Абай атындағы опера театрының симфониялық оркестрі бас дирижерінің орынбасары қызметін атқарады. Ал 1960 жылы – Құрманғазы атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінің бас дирижері болып, 1968 жылы «Қазақфильм» киностудиясының музыкалық редакциясын басқарды. Бірнеше жыл артқа тастап, Нұраған музыкалық этнографиямен әуестеніп, 1982 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін бас дирижерлікпен қоса, оркестрдің көркемдік жетекшілігінің де тізгінін қатар ұстады. Күллі әлемге танымал «Отырар сазы» оркестрі – азаматтығы мен өнерге адалдығының арқасында халық жүрегінен өзінің асқаралы орнын тапқан ұлы ғұламаның мәңгі өлмес, мәні кетпес шебер туындысы болып қала берді.

Осынау мол музыкалық мұраның кез келгенінде тек қана нұрғисалық қолтаңба, стиль, әдіс-тәсілдер тайға таңба басқандай менмұңдалап тұрады. Тереңнен нәр алған сұңғыла сарын, бояуы қанық сарабал саз, мінсіз үйлесім тапқан әсем әуен, жүрек қылын шертетін нәзік лиризм, жорғадай тайпалған жүрдек ырғақ, буырқанған жігерге толы шабытты серлін, осы қасиеттердің қай-қайсысында да бір сәт солғын тарпастан аңғарылып отыратын асқақ рух пен азаматтық пафос. Нұрғисаның композитор ретіндегі даралығы мен даналығын осылай бағамдауға болады.

Нұрғиса Атабайұлының бойындағы осындай Тәңір дарытқан көп қырлы, алуан сырлы аста-төк дарынының сыр-себебі кім-кімді де қызықтырса керек. Әрине, оның негізі қашан да туған топырақ, шыққан тек, өсіп-өнген ортамен кіндіктес. Бұл ретте, Нұрғисаны жарық дүниеге кел-

ген сәттен бастап-ақ әнге бөлеп, жырмен құндақтап, күймен тербеткен Жетісудың өнерпаздық дәстүрін тағдырлы себептің зоры десе жөн. Мұндайда көктей шолып болса да, Жетісудың өнер мектебіне тұғыр болған тұлғалардың атын атап, түсін түстеп өту қажет. Сүйінбай, Жамбыл, Құлмамбет, Бақтыбай, Бармақ, Үмбетәлі, Қалқа, Кенен сияқты ақындар, Кебекбай, Сапақ, Ноғайбай сияқты шешендер, Қанадан, Байсерке, Бердібек сияқты дәулескер күйшілер, Дәурен сал, Қырмызы, Жидебай, Балқыбек сияқты толлықсып-бұлықсыған сал-серілер, Ұлбике, Әлмен, Ақкүміс, Ләтипа, Жаңылдық сияқты жезтаңдай қыз-келіншектер алдымен еске түседі. Олар қалыптастырған ұлы өнер мектебі, ұлағатты өнеге Нұрғисадай туа біткен дарынды жөргегінде тыныш жатқызуы мүмкін емес еді. Осы орайда, Нұрғисаны ақ көйлекпен туған, ақжолтай жан деуге болады. Ол өнерпаздықтың ұлы дәстүрін тал бойына сіңірген әкесі – Тілендінің бауырында өсті. Тәңірдің тіліндей күй сарындарын әке алдында отырып бала көкірегіне қонақтатты. Нұрғисаның анасы Салиха әйгілі Кенен ақынның қарындасы, ол кісі де төңірегін әншілігімен тәнті еткен. Сол кісінің сызлта салатын сұлу әндеріне бала Нұрғиса жан-жүрегін тербелтіп өсті.

Есейе келе Нұрғиса әншіліктің ақиығы Кененнен бата алып, жыр жампозы Жамбылдың сарқытын ішті. Мұның бәрі де Нұрғиса өнерпаздығының себепшісі, бастау бұлағы деуге болады. Алайда, үлкен өнердің сара жолына қадам бастыртқан, тағдырдың жазуындай орайлы сәтке Нұрғиса он төрт жасында кезікті. Кезігушісі – қазақ музыкасына пайғамбардай шапағаты тиген әйгілі Ахмет Жұбан еді. Бала Нұрғисаның бойындағы бұла дарынды дана Ахмет бірден таниды. Таниды да, Нұрғисаны қолынан жетектеп алып келіп, қазақ ұлт аспаптар оркестрінің домбырашылар тобына қосады. Жазмыш дегенді қойсайшы, оркестр құрамындағы өңшен дәулескер домбырашылардың ішінен Қали Жантілеудің оң жағынан Нұрғисаға орын тиеді. Қалидың алдын көрген құйма құлақ Нұрғиса кешікпей-ақ, бұрын күйді қызығып тартса, енді күйді құнығып тартатын болады, бұрын күйді еліріп тартса, енді күйді елігіп тартарды. Осының бәрі – Нұрғиса әлеміне тапжылмас тұғыр.

Нұрғиса Атабайұлының шығармашылығы жанрлық диапазон кеңдігімен ерекше: композитор ән жазуымен қатар,хорға арналған туындылар, домбыраға арналған күйлер, эстрадалық оркестрге, халық аспаптары оркестріне лайықталған шығармалар жазды, кино және мультфильмдерге, хроникалық-деректі ленталарға, драмалық спектакльдерге арнап музыка жазды.

Оның шығармашылығының таңдай қақтырар тағы бір тұсы – қазақ халық аспаптары оркестріне, оның ішінде «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестріне арналып жазылған шығармалары. Осы оркестрдің орындауына арналған Тілендиевтің барлық партитуралары қайталанбас реңде оркестрлеуімен, әуендік тілінің, тембрлік-дыбыстық қатардың ерекшелігімен әйгілі. Соңғы қасиет – Б.Сарыбаев өмірге қайта әкелген көне халық аспаптарының оркестр құрамына енгізілуімен түсіндіріледі. Бұрын қолданылмаған қазақ аспаптарының ырғағы дыбыстық палитраны едәуір байытып, оркестрдің мүмкіндіктерін біршама арттырады.

Нұрғиса шығармаларының мазмұндық бітімі де дара. Ол өткен мен бүгіннің рухани көпірі, дәстүр сабақтастығының тегеурінді дәнекері ретінде ден қойдырады. Оның шығармалары әдетте екі бөлімді немесе екі тақырыпты болып келеді де, алғашқысы – эпикалық қарымдағы саз-сарынмен өткен өмірге барлау жасағандай әсер берсе, соңғысы – жүрдек әуезбен көмкеріліп, бүгінгі – өмір болмысымен, бүгінгі тіршілік ырғағымен үндесіп жатады.

Дирижер ретінде де Нұрғиса өз қолтаңбасын айқын таныта алған суреткер. Ол Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрында «Аққу көлі», «Қарғаның мәткесі», «Риголетта», «Травиата», «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын», «Абай», «Біржан-Сара» қойылымдарына дирижерлік етті. Сондай-ақ, 1960–64 жылдары Қазақтың Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрінде бас дирижер болды. Әсіресе, тікелей өзінің ұйымдастыруымен дүниеге келген «Отырар сазы» халық аспаптары оркестріне 17 жыл бойы жетекшілік еткен жылдар Нұрғисаның дирижер ретінде өзіндік қолтаңбасын жарқырата көрсетіп, өзіндік мектебін орнықтырған кезең болады.



Қазақтың дәстүрлі музыкасының да, еуропалық музыканың да тұнығын кешіп жүріп сусынын қандырған Нұрғиса дирижер-суреткер ретінде нағыз өнердің болмысында төлтумалық қасиетке айырықша ден қойды. Яғни, қазақтың дәстүрлі музыкасын еуропалық әуеннің қалыбына қуып тығудан үзілді-кесілді бас тартты. Сөйтіп, оркестрдің негізіне ұлттық дәстүрді үлгі ете отырып, төл саз-сарындарды байыта түсу үшін еуропалық үндестікті де ұрымтал пайдалана білді. Дәстүрлі қазақ музыкасының қалыбы мен үндеміне нұқсан келмеуіне айырықша назар аударып отырды. Нәтижесінде, қазақ дирижерлігі екі дай эклектикадан арылып, оркестрдің тілі мен мазмұны бір ой-идеяға қызмет ете бастады. Былайша айтқанда, Нұрғиса құрған «Отырар сазы» оркестрінің сыртқы бітімінде, жасау-жабдығында еуропалық нышан болғанымен, ішкі мазмұны, ішкі болмысы, ішкі арман-аңсары таза қазақы еді.

Нұрғиса тұңғыш рет қазақтың төл музыкасын төл аспаптарымен оркестрлік үлгіде дыбыстау арқылы, әрі қарай қалай дамытудың тамаша үлгісін көрсетті. Енді, орындаушы Нұрғиса, яғни домбырашы Нұрғиса туралы.

Қазақ домбырашылары күй өнерін көз, қол, құлақ арқылы жұғады деп отырады. Осылардың ішінде күйді құлақпен сіңіретіндердің жөні бөлек. Себебі, көз көргенінен танбайды, қол ұстағанынан айырылмайды. Яғни, күйді көз бен қол арқылы жұғысты еткендер, әдетте, қасаң қайталаушылыққа ұрынады. Ал, құлаққа сіңген күй, сөз жоқ, санаға да сіңеді. Санаға сіңген күй жүректі тербеп, жүрекпен тартылмақ. Нұрғиса болса, күйді құлақпен сіңіріп, жүрекпен тартатын домбырашы.

Нұрғиса домбырашы-орындаушы ретінде қазақтың күйшілік мектептеріне тән төл ерекшеліктерді терең танып, соларды дыбыстауды қапысыз меңгерген. Ол Алтайдың тік, Арқаның қоңыр, Сыр бойының бойлауық, Жетісудың жайсаң, Атыраудың адуын күйлерін тартқанда, сәні мен салтанатын келістіріп тарта алған санаулы ғана саңлақтың бірі.

Мүшел жасқа толар-толмас кезінің өзінде-ақ ауылындағы қазақ пен қырғыздың, орыс пен татардың музыкалық аспаптарын тегіс қолынан өткізіп, алуан түрлі ән мен күйді құйқылжыта тартқанда ауыл-аймағы аузын ашып, көзін жұматын болды. Есейе келе Нұрғиса әншіліктің ақиығы Кененнен бата алып, жыр жампозы Жамбылдың сарқытын ішті.

Мұның бәрі де – Нұрғиса өнерпаздығының бастау бұлағы. Алайда, өнердің сара жолына қадам бастыртқан, тағдырдың жазуындай орайлы сәтке Нұрғиса он төрт жасында кезікті. Кезігушісі қазақ музыкасына пайғамбардай шапағаты тиген әйгілі Ахмет Жұбан еді. Жеті қабат жер астынан жаңа дана бұлқынып шығып, булығы ағып, енді ғана жүлге тарта бастаған кәусар бұлақтың тегеурінін жазбай танитын қарт бағбан сияқты, бала Нұрғисаның бойындағы бұла дарынды дана Ахмет те бірден таниды. Таниды да, Нұрғисаны қолынан жетелеп алып келіп, қазақтың ұлт аспаптары оркестрінің домбырашылар тобына қосады. Бұл, жазмыш дегенді қойсайшы, оркестр құрамындағы өңшен дәулескер домбырашылардың ішінен домбырашылықтың дүлдүлі Қали Жантілеудің оң жағынан Нұрғисаға орын тиеді. Қалидың алдын көрген құйма құлақ Нұрғиса кешікпей-ақ, бұрын күйді қызығып тартса, енді күйді құнығып тартатын болады, бұрын күйді еліріп тартса, енді күйді елігіп тартатын болады.

Міне, осының бәрі де Нұрғиса әлеміне

тапжылмас тұғыр болды, осының бәрі де Нұрғиса дарынының сарқылмас қайнар көзі еді.

Замандастары оның ән жазғанда белгілі бір уақытты таңдамайтынын талай рет еске алған. Сазгер көбінесе үйде жұмыс істейтін. Әуен ойына келгенде дереу рояльге отырып, жаңа әнді дүниеге әкелетін. Одан кейін Тұманбай Молдағалиевке немесе Қадыр Мырза Әліге хабарла-сып, әнді естіріп, өлең жазып берулерін сұрайтын. Нұрғиса Тілендиевтің Тұманбай Молдағалиевтің сөзіне жазылған «Куә бол» әні айлы түнде дүниеге келген.

Бірде Нұрғиса Тілендиев жұбайы Дариғамен Алматы өзенінің жағасымен қыдырып келе жатады. Бір кезде сазгер өзен жағасындағы тастың үстіне шығып, біресе айға, біресе жұлдыздарға қарап: «Куә бол, жұлдыз, Куә бол, айым, Куә бол, Алатауым!» – деп әңдете жөнеледі. Кейін сөздерін ақын інісіне жаздыртып алады. Осылайша, «Куә бол» әні дүниеге келген.

Бір күні Нұрғиса Тілендиевтің шаңырағына қонаққа ақиық ақын Мұқағали Мақатаев келеді. Екеуі әңгіме-дүкен құрып отырғанда Нұрғиса: «Даха, домбырамды берші маған», деп жары Дариғаға домбырасын алғызып, «Аққу» мен «Арман» күйлерін тартып береді. Осы кезде ақын інісі «Дариға, домбырамды берші маған» атты өлең жазып береді. Артынан сазы да жазылады.

Бұл кездесуден кейін ақын композитордың үйінде бір ай жатып, екеуі 32 әнді дүниеге әкеледі. Соның ішінде «Саржайлау», «Кел, еркем, Алатауыңа», «Мен сендерді іздеймін», «Сөнбейді, әже, шырағың» және тағы басқа шығармалар бар. Нұрғиса Тілендиев пен Мұқағали Мақатаевтың бірлесе отырып жазған соңғы әні – «Есіңе мені алғайсың».

Нұрғисаның танымал туындылары: «Достық жолымен», «Менің Қазақстаным» контатасы, «Ата толғауы», «Аққу», «Аңсау», «Арман», «Әлқисса», «Қорқыт туралы аңыз», «Көш керуені», «Махамбет», «Саржайлау», «Алатау», «Аққайық», «Ақ құсым», «Өз елім».

Сазгер 500-ден астам музыкалық төл туындының авторы. Осынау мол мұраның жанрлық аясы да кең. Ішінде ән, күй, романс, увертюра, поэма, контата, опера мен балет бар.

1968-81 жылдары Нұрғиса Тілендиев «Қазақфильм» киностудиясында музыкалық редакциясының бас редакторы болды. Қазақ мультфильмдерінің атасы Әмен Қайдардың «Қарлығаштың қиярығы неге айыр?», «Ақсақ құлан» сияқты ертегі-аңыз желісімен жасалған жұмыстарына ән жазған. Сондай-ақ, ол «Менің атым Қожа», «Қилы кезең», «Қыз Жібек» сияқты қазақ фильмдерін әуенмен әрлеген.

Нұрғиса Тілендиев жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың жақын туысы болып келеді. Көз жұмбас бұйындар: «Мені Жамбыл атамның жанына қойыңдар. «Құстар қайтып барады» әнімен шығарып салыңдар», – деп аманат айтқан екен. Композитор 1998 жылғы 15 қазанда жетпіс бір жасында өмірден озды. Топырақ бұйырған жері – Жамбыл кесенесінің іргесі.

КСРО Халық әртісі, Халық Қаһарманы, композитор, дирижер, домбырашы Нұрғиса Тілендиевтың атымен музыка мектептері, музейлер мен көшелер аталған.

Қанат АНДИРОВ,
Музыка және өнер кафедрасының
аға оқытушысы, магистр
Перизат НҮРБОЛАТ,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
4-курс студенті



Қобалжу – бұл әр студенттің өміріндегі қалыпты сезім. Ал сіз білесіз бе? Ежелгі адамдар үшін қобалжу сезімі тіпті пайдалы болды! Олар аң аулағанда, жаңа нәрселерді ашқанда бұл сезім арқылы өздерін сақтай алды.

НЕЛІКТЕН СТУДЕНТТЕР КҮЙЗЕЛІСКЕ ТҮСЕДІ?

Қазіргі уақытта біз қобалжуды күнделікті түрде сезіне аламыз. Мысалы, көпшіліктің алдында сөйлеу, біреудің пікірін жүрекке жақын қабылдау бізге ішкі сенімсіздікті тудыруы мүмкін. Сонымен қатар, әр адам оны әр түрлі қабылдай алады. Бір студент өзін көпшілік алдында сенімді сезуі мүмкін, ал екінші студент бұл ойдың өзінен уайымдайды. Бұл сіздің ішкі жан дүниеңізге және мінезіңізге байланысты.

Бірақ қобалжу заманауи уақытта өте үлкен кедергіге айналады. Жас студент өз-өзін толық түрде көрсете алмай, өзгелердің ойынан қорқып қалады. Мысалы, сіз өмір бойы жоспар бойынша жүретін адамсыз. Сіз үшін жаңа сезімдер, жолдар және жаңалықтар қорқыныш ретінде сезіледі. Өйткені, ол сіздің тұрақты жоспарларыңызға кірмейді! Солай ішкі қорқыныш одан сайын өсе береді, ал адам оны байқамай қалады. Студенттің өз-өзін жаңа қырынан аша алмауы өте өкінішті.

«Сонда ол сезімді біз қалай жеңеміз?» – деген сұраққа жауап қарастырып көрейік. Біріншісі және ең бастысы – өзіңіздің сезімдеріңізді мойындау. Сіз қай уақытта қобалжуды сезінесіз, қай кезде ол пайда болды? Ойланып көріңіз.

Екінші, ойларыңызды қадағалау. Өтірік емес, көптеген адамдар күнделікті тұрғыда «Ал бұлай болып қалса ше?» деген оймен кездеседі. Сонда сіз әлі болмаған нәрсе үшін уайымға түстіңіз, босқа стресске түскеніңіз

ешқандай пайда әкелмеді. Ойларыңызды уақытымен тоқтата алу қабілетін дамыту қажет. Айтқанда оңай, бірақ іс жүзінде ауадай қажет.

Үшінші, эмоцияларды ақыл ойдан жоғары қоймау. Ішкі тынымсыздық бізді моральды түрде шаршатады. «Эмоционалды күйіп кету» сатысына түспеу үшін, өзімізді бақылау керекпіз. Біреудің ойламай айтқан сөзі, істеген ісі сізді күні бойына уайымға салуы мүмкін. Өзіңізді жоғары ұстаңыз, ойыңызды еркін, жүйелі жеткізуге тырысыңыз, өзгелердің ойына сіз жауапты емессіз. Сонымен қатар, дұрыс дем алыңыз, көп ізденіңіз.

Қобалжуды жеңу оңай емес, бірақ сабырлылықпен оны жеңе аласыз. Ұялмаңыздар, студенттер! Қашан да өзіңізге сенімді болуға тырысыңыз. Сенімді адам орынсыз қобалжуға жол бермейді. Сәттілік!

Ғалия ЕСЕНТАЙҚЫЗЫ,
Журналистика мамандығының
2-курс студенті



Сабина Ұлымбетова,
Қазақ тілі және әдебиеті
мамандығының 2-курс студенті

АҚЫН ЖАЙЛЫ

Ақын жайлы айтылар қызықты аңыз,
Бірақ сіз ақын қызға қызықпаңыз.
Мұқаш атам өлеңінде айтқандай,
Өмірде ақындардың бәрі жалғыз.

Ақын жанын түсінер ақын ғана,
Тік мінезді, асау жүрек, батыл ғана.
Жырларында жалғыздықтың үні тұнар,
Сол үндерді ұғатын жақын ғана.

Жыр кешінде алқалаған жұрт болса да,
Өзі қалар іштей мұңын ұлғайта.
Қаламымен сырласады түндер бойы,
Шын бақытты өлеңінен сұрай ма?

Өмірінде көрінбес бір мұң ізі,
Өлең болып төгілген жүрек сөзі.
Жырларында махаббат, таза сезім,
Аңсайды тек бақытты бала кезін.

Кейде іздейді жастықтың балғын шағын,
Сезім болып маздатар жанның жалын.
Өткен күннің елесін өлеңінен,
Оқырманға жеткізер бар жан сырын.

Сан жүректі тербеген тәтті үмітпен,
Сан жүректі жылатқан ащы мұңмен.
Ақын жүрек мәңгілік боп қала алмас,
Бірақ сөзі сөйлейді ғасырлармен.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жұрт айтады қазақ тілін оңай деп,
Білмегенге көрінер бір бояу көп.
Үндестік пен байырғы бір заңдары,
Үйренгенге қызықтырар қиял боп.

Сөз маржаны шын тереңге жасырған,
Әр дыбысы жүрек сыры ашылған.
Тіл ғажабы – ұлы дала жырлары,
Бабалардан қалған сырлы асылдан.

Қазақ тілі байтақ дала тынысы,
Сөздерінде тарих жатыр ырысы.
Кім түсінсе, жаны тұнар әсерге,
Кім білмесе, күрделі деп тырысты.

Бұл тіліміз – ұрпақтарға аманат,
Сақтай білсек, болар ертең дара бақ.
Тілге құрмет – өзіңе де құрмет деп,
Сөз қалдырған дана жұртым, дана бақ!

ФАРИЗАҒА АРНАУ

Қазақтың қызы, өр рухтық белгі,
Өзіңдік өрнек өшпейді енді.
Жырларың жанға қуат боп тарап,
Шындық сөзі жүрекке терең енді.

Әйел мұңын жырлаған батыр ару,
Қылыштай өткір сөзі болды қару.
Табиғатпен сырласты, мұңды желмен,
Өмірінен от қалды жалын өрген.

Арманның шыңына қонғандай едің,
Қазақтың мұңына тойғандай едің.
Әр сөзің — шындықтың жарқылы болып,
Ұрпаққа от болып жанғандай едің.

Батырлық, нәзіктік ұштасқан бойда,
Есімің қалады мәңгілік ойда.
Сен салып кеткен сара жол анық,
Еңсеңді көтер, қазақ қыз, ойла!

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті